

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«Дене шынықтыру және өнер факультетінің Даму бағдарламасын іске асыру
аясында атқарылған жұмыстары және алдағы міндеттері» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«01» сәуір 2026ж.

Ғылыми кеңесте дене шынықтыру және өнер факультетінің 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының 2024-2025 жылдардағы көрсеткіштерінің орындалуы туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырым жасалды:

1-стратегиялық бағыттың «Экономика үшін бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау» бағыты бойынша «Білікті мамандарды даярлау», «Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және дене дамуын қамтамасыз ету» міндеттері жалпы орындалған, алайда түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішінің төмендеуі байқалады;

2-стратегиялық бағыттың «Нәтижелі ғылым» бағыты бойынша «Ғылыми-техникалық қызметті дамыту», «Ғылыми зерттеулерді ресурстармен қамтамасыз ету» міндеттері жеткіліксіз деңгейде орындалған, ғылыми жарияланымдар мен жобалар көрсеткіштері жоспардан төмен;

3-стратегиялық бағыттың «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің инфрақұрылымы мен менеджментін жетілдіру» бағыты бойынша «Кадрлық менеджмент және біліктілікті арттыру» міндеттері ішінара орындалған;

Даму бағдарламасының «Әлемдік тенденциялар контекстінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту» (1, 2, 3, 7 тармақтар), «Ғылыми-техникалық қызметті дамыту» (2, 4, 5, 7, 8, 9, 10 тармақтар) бағыттары бойынша көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында жұмысты жетілдіру қажет.

«Дене шынықтыру және өнер факультетінің Даму бағдарламасын іске асыру аясында атқарылған жұмыстары және алдағы міндеттері» бойынша

Ғылыми кеңес шешімі:

1. 6B01410 «Музыкалық білім (IP)», 6B02101 «Дизайн» білім беру бағдарламалары бойынша кәсіптік бағдар беру жұмыстары жетілдірілсін (**жауаптылар:** ДШЖӨФ деканы, Шығармашылық білім беру кафедрасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 01.08.2026ж.).

2. 6B01409 «Дене шынықтыру және спорт» (IP) білім беру бағдарламасына қабылдаудың шектік балын арттыру бойынша мәселе «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Басқармасының қарауына ұсынылсын (**жауаптылар:** ДШЖӨФ деканы, Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы; **орындалу мерзімі:** 20.04.2026ж.).

3. Факультетте іске асырылатын мамандар даярлау бағыттары бойынша дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамы үлесінің біліктілік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жетілдірілсін (6B014 Жалпы

дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау – 50%, 6B021 Өнер - 30%) (жауаптылар: ДШЖӨФ деканы, кафедра меңгерушілері; орындалу мерзімі: 2026 -2027 оқу жылы).

4. ПОҚ-тың WoS, Scopus деректер базасына енетін басылымдардағы жарияланымдар саны 10-ға жеткізілсін (жауаптылар: ДШЖӨФ деканы, кафедра меңгерушілері, деканның ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары; орындалу мерзімі: 01.12.2026 ж.).

5. Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуын арттыру үшін серіктес жоғары оқу орындарымен қысқа мерзімді алмасу бағдарламаларын іске асыру мүмкіндіктері қарастырылсын (жауаптылар: ДШЖӨФ деканы, кафедра меңгерушілері; орындалу мерзімі: 01.09.2026 ж.).

6. Ғылыми-зерттеу жобаларына қатысатын профессор-оқытушылар құрамының үлесін ұлғайту мақсатында кафедралар деңгейінде жүйелі жұмыстар жүргізілсін (жауаптылар: ДШЖӨФ факультет деканы, кафедра меңгерушілері; орындалу мерзімі: 01.12.2026 ж.).

7. Дене шынықтыру және өнер факультетінің Даму бағдарламасын іске асыру аясында атқарылған жұмыстарының есебі 2026 жылғы қыркүйекте қайта тыңдалсын (жауаптылар: ДШЖӨФ факультет деканы, ғалым хатшы; орындалу мерзімі: 30.09.2026 ж.).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«Әскери кафедраның қызметі: өзекті мәселелер және тиімді
ұйымдастыру жолдары» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«01» сәуір 2026 ж.

Ғылыми кеңес отырысында «Әскери кафедраның қызметі: өзекті мәселелер және тиімді ұйымдастыру жолдары» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

Азаматтарды запастағы офицерлер мен сержанттар бағдарламалары бойынша әскери даярлау жоғары кәсіптік білім беру негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының әскери-оқытылған резервін қалыптастыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің офицерлік және сержанттық құрамының бастапқы лауазымдарын толықтыруға бағытталған.

Оқытушылар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2024 жылғы 15 наурыздағы №255 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы әскери кафедралардың профессор-оқытушылар құрамының лауазымдық біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкес келеді. Әскери кафедраның 7 оқытушысы 2025 жылғы 21-29 сәуір аралығында «Әскери ғылымдар академиясы» РҚБ-де біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

2025-2026 оқу жылында іріктеу комиссиясы жұмысының қорытындысы бойынша хаттама жасалып, әскери даярлыққа 115 студент қабылданды.

Әскери кафедрада оқу үдерісі запастағы офицерлер мен запастағы сержанттарды даярлау бағдарламаларына, сондай-ақ әскери-есептік мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқу жиындары әскери кафедраның оқу-материалдық-техникалық базасын, Сарыөзек кентіндегі 12740 әскери бөлімінің базасын, Талдықорған гарнизонының әскери бөлімдері мен әскери кафедраның материалдық-техникалық базасын пайдалана отырып өткізілді.

Емтихандарды қабылдау комиссия арқылы жүзеге асырылды. Сабаққа қатысу көрсеткіші – 90,3%.

Қысқы сессия қорытындысы бойынша үлгерім пайызы: 1 курс – 75%; 2 курс – 63%. Негізгі әскери пәндер бойынша студенттердің орташа үлгерімі – 69%.

Сабақтарды өткізу және қызметтік жұмысты қамтамасыз ету үшін әскери кафедра 21 қызметтік үй-жаймен қамтамасыз етілген. Оның ішінде: кафедра қызметкерлеріне арналған 4 кабинет, оқу пәндері бойынша сабақ өткізуге арналған 6 жабдықталған дәрісхана, мәжіліс залы, кітапхана, тұрмыстық бөлме, қару сақтайтын бөлме, саптық алаң, БМП-2, сондай-ақ тактикалық алаң мен спорттық қалашық бар.

Әскери кафедрада тәрбие және әскери-патриоттық жұмыс студенттермен жүргізілетін тәрбие және әскери-патриоттық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырылған.

«Әскери кафедраның қызметі: өзекті мәселелер және тиімді ұйымдастыру жолдары» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Әскери кафедраның оқу-материалдық базасын дамыту және жетілдіру бойынша перспективалық және жылдық жоспар жасалып, бекітілсін (жауапты: Әскери кафедра бастығы; **орындалу мерзімі: 15.08.2026ж.**).

2. Әскери кафедраның жетіспейтін оқу-материалдық базасын толықтыру үшін 18404 әскери бөліміне өтінімдер дайындалсын (жауапты: Әскери кафедра бастығы; **орындалу мерзімі: 15.05.2026ж.**).

3. Әскери бөлімдер балансында бар оқу-материалдық базаның тізімі әзірленіп, оларды бірлесіп пайдалану үшін келісімшарт жасалсын (жауапты: Әскери кафедра бастығы; **орындалу мерзімі: 01.06.2026ж.**)

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б. Таубаевқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
«Университеттің оқыту және басқару қызметін цифрландыру бойынша атқарылған
жұмыс нәтижелері және оны жетілдіру» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«01» сәуір 2026 ж.

Ғылыми кеңесте «Университеттің оқыту және басқару қызметін цифрландыру бойынша атқарылған жұмыс нәтижелері және оны жетілдіру» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

Университеттің цифрлық трансформация үдерісі тұрақты негізде жүзеге асырылуда: жаңа ақпараттық технологиялар енгізілуде, бизнес-процестер жетілдірілуде, мүдделі тараптардың талаптары өзгеруде.

Университеттің цифрлық экожүйесінің негізі – «Smart Zhetysu» цифрлық платформасы болып табылады.

2024-2025 оқу жылымен салыстырғанда «Smart Zhetysu» цифрлық платформасының автоматтандырылу және интеграция деңгейі 99%-дан 100%-ға дейін артқан.

Цифрлық платформаның келесі модульдері жаңғыртылған: кадр саясатын басқару бөлімі, қабылдау комиссиясы, білім алушыларға қызмет көрсету орталығы, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімі, тіркеу офисі, медициналық пункт, жатақхана, сондай-ақ техникалық қызмет көрсетуге өтінім беру модульдері және т.б.

Жаңа модульдер әзірленді: ағымдағы бақылауды тестілеу; «Smart Zhetysu» цифрлық платформасының көмекшісі (ЖИ); AI-психолог (ЖИ); студенттер мен білім алушыларға қызмет көрсету орталығы арасындағы хабарламалар алмасу; бакалавриат және магистратура тыңдаушылары.

Техникалық қамтамасыз ету бойынша университет компьютерлік техникалар паркін жаңарту үшін моноблоктар мен принтерлер сатып алынған. Ақпараттық-техникалық қызмет көрсету бөлімі бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту және орнату жұмыстарын жүргізуде.

Интернет пен университеттің корпоративтік желісінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін жедел ауыстыруды қажет ететін ескірген желілік жабдықтарды жаңарту қажет. Техникалық жұмыстарды жүргізу үшін желілік жабдықтарға арналған қосалқы бөлшектер қажет.

«Университеттің оқыту және басқару қызметін цифрландыру бойынша атқарылған жұмыс нәтижелері және оны жетілдіру» мәселесі бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. «Smart Zhetysu» цифрлық платформасы одан әрі жетілдірілсін (**жауапты:** Цифрлық және техникалық қамтамасыз ету департаменті, Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімі; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

2. Жасанды интеллект шешімдері әзірленсін (**жауапты:** Цифрлық және техникалық қамтамасыз ету департаменті, Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімі; **орындалу мерзімі:** 30.12.2026 ж.).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі - цифрландыру және стратегиялық даму жөніндегі проректор Т. Жумагуловқа жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.Бурибаев

Г.Шүкенай